

Алатау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жиналу нормаларын және халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Алатау қалалық мәслихатының 2025 жылғы 14 қарашадағы № 23-63 шешімі. Күші жойылды - Алматы облысы Алатау қалалық мәслихатының 2026 жылғы 30 қаңтардағы № 27-74 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Алатау қалалық мәслихатының 30.01.2026 № 27-74 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2), 3) тармақшаларына сәйкес Алатау қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алатау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Алатау қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға және көмуге арналған тарифтер 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алатау қаласы мәслихат төрағасының м.а.

А. Иманбеков

Алатау қаласы мәслихатының 2025
жылғы "14" қараша № 23-63 шешіміне
№1-қосымша

Алатау қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтері

№	Атауы	Есептік бірлік	ҚҚС-ты қоса алғандағы қызмет құны, теңге
1	Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифі		
1.1	Жайлы тұрғын үйлер	тұрғын / ай	417
1.2	Жайсыз тұрғын үйлер	тұрғын / ай	469
2	Бірлікке (көлемге) жылдық тариф	1 м³	2 085

Алатау қаласы мәслихатының 2025

Алатау қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жиналу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтарды жинау объектісі	Есептік бірлік	Жылдық норма (м²)
1	Жайлы тұрғын үйлер	1 тұрғын	2,4
	Жайсыз тұрғын үйлер	1 тұрғын	2,7
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және басқа да ұқсас нысандар	1 орын	1,49
3	Дүкендер, сауда нүктелері	1 орын	1,58
4	Балабақшалар, ясли және өзге де мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	1,65
5	Мекемелер, ұйымдар, кеңселер, конторлар, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,57
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 қабылдау	1,23
7	Ауруханалар және басқа да емдеу-профилактикалық мекемелер	1 төсек-орын	4,57
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,21
9	Мейрамханалар, кафе, басқа ойын-сауық орындары және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отырғыш орны	3,45
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, казино, ойын автоматтары залдары, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отырғыш орны	0,41
11	Мұражайлар, көрмелер	1 м² жалпы алаң	0,34
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,006
13	Спорт, би және ойын залдары	1 м² жалпы алаң	0,11
	Азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар		

14	дүкендері, аралас дүкендер	1 м² сауда алаңы	0,6
15	Машинадан сауда жасау	1 м² сауда орны	0,41
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, лотоктар	1 м² сауда алаңы	0,11
17	Көтерме базалар, өнеркәсіптік және азық-түлік тауарлары қоймалары	1 м² жалпы алаң	0,32
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйлері	1 м² жалпы алаң	0,53
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	1 м² жалпы алаң	1,12
20	Жағажайлар, көше тазалау, жол шеттері	1 м² жалпы алаң	0,2
21	Дәріханалар	1 м² сауда алаңы	0,87
22	Автотұрақтар, көлік жуатын орындар, ЖМҚС	1 автокөлік орны	3,78
23	Автожөндеу шеберханалары	1 қызметкер	0,41
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гараж	0,45
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,98
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау, тұрмыстық техниканы жөндеу, тігін ательесі	1 м² жалпы алаң	0,93
27	Зергерлік шеберханалар, аяқ киім, сағат жөндеу орындары	1 м² жалпы алаң	0,23
28	Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету (кілт жасау және т.б.)	1 жұмыс орны	1,85
29	Моншалар, сауналар	1 м² жалпы алаң	0,45
30	Қалалық аумақта бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	1,15
31	Бақшалық кооперативтер	1 учаске	1,41